

## Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайын құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 тамыздағы N 1431 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 4 қарашадағы № 369 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 04.11.2016 № 369 Жарлығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-т. қараңыз).**

"Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" 2000 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 9-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Астана қаласында "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы" (бұдан әрі - Мұражай) мемлекеттік мекемесі құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Мұражайдың Жарғысы бекітілсін.

3. Мұражайдың штат саны 65 адам болып белгіленсін.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.12.28. N 502 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

4. Мұражай құрамында Қазақстан Республикасы Президентінің жеке мұрағаты айқындалсын.

5. Мұражай директорын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады деп белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 қаңтардағы N 67 қаулысымен құрылған "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы" мемлекеттік мекемесін, оның мүлкін Мұражайға бере отырып, таратсын;

2) бір ай мерзімде Мұражайдың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы Жарлықтан туындайтын басқа да шаралар қолдансын.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мұражайдың 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11-үй мекен-жайында орналасқан Қазақстан

Республикасы Президенті Резиденциясының ғимаратында орналасуын қамтамасыз ететін болсын.

8. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2004

жылғы

28

тамыздағы

№

1431

Жарлығымен

Бекітілген

## **"Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы" мемлекеттік мекемесінің Жарғысы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мұражай) заңды тұлғаның мәртебесіне ие, өз функцияларын мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мұражайдың мемлекеттік басқару органы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі болып табылады.

3. Мұражай өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің заң актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

4. Мұражайдың толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы" мемлекеттік мекемесінің орыс тілінде: "Государственное учреждение "Музей Первого Президента Республики Казахстан".

5. Мұражайдың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11.

### **2. Мұражайдың заңды мәртебесі**

6. Мұражай оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап заңды тұлғаның құқығына ие болады.

7. Мұражайдың дербес балансы, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктерде шоттары, өз атауымен мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылған бланкілері, мөрлері мен мөртаңбалары болады.

8. Мұражай заңды тұлға құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

9. Мұражай жасайтын азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен тіркеуге жатады.

Шарттық міндеттемелер бойынша Мұражайдың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мекемені ұстауға арналып бекітілген сметаның шегінде болады.

### **3. Мұражай қызметінің мақсаты мен функциялары**

10. Ерекше ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту орталығы ретінде Мұражайдың негізгі міндеттері Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің өміріне, мемлекеттік және қоғамдық қызметіне қатысты материалдарды кешенді түрде жинау, жүйелеу, сақтау, зерттеу және жұртшылыққа танымал ету негізінде жинақтау процесін мәдениеттану және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету және тарихи-мәдени және әлеуметтік-саяси ақпаратты зерделеу болып табылады.

11. Көрсетілген міндеттерге қол жеткізу үшін Мұражай мынадай функцияларды жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің қызметіне байланысты ресми және жеке құжаттарды, басқа да тарихи материалдарды табу, сақтау, зерделеу және пайдалану, сондай-ақ елдің тарихына қатысты мұражайлық мәні бар этнографиялық заттардың, мұрағат құжаттарының коллекциялар қорын құру;

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің өмірі мен қызметі, оның өмірбаянының негізгі фактілері, қоғамдық және мемлекеттік қызметінің кезеңдері туралы, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы президенттік институттың қалыптасуы мен жетістіктері туралы жаңа білім алу мақсатында мұражайлық жинақты зерделеу;

елдің ұлттық мәдени игілігін жинау, сақтау, зерделеу және пайдалану процесін материалдық-техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, қаржылық, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге қатысу;

мұражайлық экспозициялар мен көрмелерді ғылыми жобалау мен ұйымдастыру, қорларды ғылыми өңдеу, мұражай қызметі басты бағыттарының ғылыми тұжырымдамаларын әзірлеу;

Мұражайдың зерттеушілік және насихатшылық қызметінің құжаттық базасын әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету;

Мұражайдың ғылыми-зерттеу, әдістемелік жаңа қалпына келтіру қызметінің нәтижелерін насихаттау мен тарату;

каталогтар, жол көрсеткіштер, анықтамалықтар, альбомдар, ғылыми еңбектер жинағын баспаға әзірлеу және басып шығару;

отандық және шетелдік ұйымдардың ғылыми және мәдени бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

тәуелсіз Қазақстан тарихы мәселелері мен мұражайтанудың ғылыми-теориялық және практикалық проблемалары бойынша ғылыми және ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар дайындау мен өткізуге қатысу;

тиісті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесе отырып елдің мәдени өмірі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруға қатысу;

мынадай нысандарды: жинау жұмыстарын жүргізуді, мұражайлық мәні бар заттар сатып алуды, заттарды тұрақты сақтауға қайтарымсыз беруді қамтитын мұражай жинақтарын жасақтауды жүзеге асыру;

мұражай қорының мемлекеттік есебін қамтамасыз ету және оны Қазақстан Республикасы мұражай қорының құрамына енгізу үшін ғылыми жұмыстар жүргізу, мұражай құндылықтарын заңдық және күзет тұрғысынан сақтауды қамтамасыз ету;

мұражай заттарын бүлінуден, бұзылудан, ұрланудан сақтауға кепілдік беретін , олардың толық сақталуын қамтамасыз ететін жағдай туғызу; сақтаудың ұтымды жүйесін жасау; мұражай экспонаттарын қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру;

мұражай заттарын зерделеу нәтижелерін тіркеу, оларды қоғамдық пайдалану үшін жағдай туғызу;

көрмелер ұйымдастыру және өткізу, мұражай экспозицияларын жасау;

мұражай қорының негізінде шетелдерде көрмелер өткізу, сондай-ақ шет елдердің көрмелерін қабылдау әрі ұйымдастыру;

келушілердің түрлі санаттарымен экскурсиялар, дәрістер, үйірмелер оқулары мен басқа да іс-шаралар өткізу;

мұрағат және мұражай қорлары бойынша ғылыми-анықтамалық аппарат әзірлеу және дамыту;

ғылым мен мәдениет салаларының басқа да мекемелерімен, халықаралық және қоғамдық ұйымдармен байланыстарды жолға қою және қолдау.

12. Мұражайдың негізгі міндеттеріне жауап бермейтін функцияларды жүзеге асыруға ол құқылы емес.

#### **4. Мұражайдың өкілеттіктері**

13. Өз функцияларын жүзеге асыру үшін Мұражайдың өз құзыреті шегінде: қызметінің негізгі түрлері бойынша жұмыс жоспарын, мақсатты кешенді бағдарламаларды дербес әзірлеуге, бекітуге;

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тиісті құрылымдық бөлімшелерінен, басқа да мемлекеттік органдардан, мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттардан, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардан қажетті құжаттар мен мұрағат материалдарын (түпнұсқалар мен көшірмелерді), Мұражай үшін салалық болып табылатын есте қаларлық заттарды сұратуға және алуға;

кез келген ұйым мен жеке адамдардан шарт негізінде жекелеген мұражайлық заттар мен құжаттарды сатып алуға;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жұмыс тәжірибесін зерделеу мен олардағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы материалдармен қорларды толықтыру мақсатында тақылеттес мұражайлармен, кітапханалармен, шетел мемлекеттері басшыларының мұрағаттарымен Халықаралық мұражайлар кеңесімен ғылыми және іскерлік ынтымақтастықты жүзеге асыруға;

көрмелерді, экспозицияларды безендіру, қалпына келтіру мен дизайндық қызмет көрсетулер жөнінде консультациялар алу, жұмыстар орындау үшін мемлекеттік заңды тұлғалармен шарттар жасасуға құқығы бар.

#### **5. Мұражайды басқару**

14. Мұражайды жалпы басқаруды Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүзеге асырады.

15. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

мүлікті Мұражайға бекітіп береді;

Мұражайды ұстауға арналған сметаны (шығыстар жоспарын) бекітеді;

Мұражайға берілген мүліктің тиімді пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

Мұражай директорының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босатудың негіздемесін айқындайды;

Мұражайдың құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

16. Мұражай директорын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

17. Директор Мұражайдың жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне тікелей бағынады және Мұражайға жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді.

18. Директор дара басшылық принциптерінде әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Жарғыда айқындалған өз өкілеттіктеріне сәйкес Мұражайдың қызмет мәселелерін дербес шешеді.

19. Директор Мұражай қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

Мұражай атынан сенімхатсыз іс-әрекет етеді;

барлық ұйымдарда Мұражай мүдделерін білдіреді;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және шектерде Мұражай мүлкіне билік етеді;

шарттар жасасады;

сенімхаттар береді;

Мұражайдың іссапарлар, тағлымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытудың және қызметкерлердің біліктілігін көтерудің өзге де түрлерінің тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

банк шоттарын ашады;

барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен өз орынбасарлары мен бас бухгалтерді қызметке тағайындайды және қызметтерінен босатады;

штаттық кестеге сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және қызметтен босатуды жүзеге асырады;

Мұражай қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

өзінің орынбасарларының және Мұражайдың өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерінің шеңберін белгілейді;

өзіне Қазақстан Республикасының заңдарымен, осы Жарғымен жүктелген және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **6. Мұражай мүлкін құру мен қызметін қаржыландыру тәртібі**

20. Мұражай мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен құрылады және негізгі қорлар мен айналымдық қаражаттан, сондай-ақ құны Мұражайдың балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

21. Мұражай мүлкі оған жедел басқару құқығында тиесілі болады және республикалық меншікке жатады.

22. Мұражайды қаржыландыру бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдаланылатын қайырымдылық және демеушілік көмек түрінде түсетін қаражат және өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 22-тармақ жана редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.12.28. N 502 Жарлығымен.**

23. **Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.12.28. N 502 Жарлығымен.**

24. Мұражай бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есептілік ұсынады.

25. Мұражайдың қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру мен ревизиялау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **7. Мұражайды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. Мұражайды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.